

А И Қ Ы Ы Н

Дәнекер



«Нұр Отан» партиясының Алматы қалалық филиалы. Мұнда келушілердің көбі Баспасөз хатшысы Қайым-Мұнар Табеевтің кабинетіне келеді.

– Бұл – «Нұр Отан» партиясының кеңсесі. Ел-жұрт мұнда өз мұң-мұқтажын айту үшін келеді. Ол – менің партиям, – дейді ол.

– Өз басым 1994 жылдан мемлекеттік қызмет саласында жүргеніммен, баспасөзден қол үзіп кеттім деп айта алмаймын. Президенттің Баспасөз қызметі, Ақпарат министрлігі, Алматы қалалық әкімдігі сияқты бірқатар мекемелердің дәм-тұзын таттық. Соның бәрінде бір-бірімен біте қайнасқан үш арна – баспасөз, тіл, ұлт саясатымен айналысатын бөлімдердің «отымен кіріп, күлімен шықтық». Көңілге түйгенім, қай сала болмасын, билік пен баспасөз арасындағы байланысты жандандыруда қаламның күші міндетті түрде қажет екен. Шынымды айтсам, мемлекеттік мекемедегі күнделікті тіршілігімді баспасөзсіз елестете алмаймын. Егер өмірді қайта басынан бастап, қандай мамандықты таңдар едіңіз десеңіз, осы журналистиканы таңдаған болар едім. Өйткені журналистика – ең құдіретті әлем. Осы өмірде азды-көпті ел назарына іліксек, соның бәрі журналистика мен жазу-сызуға баулыған кешегі ұстаздарымның арқасы деп білемін, – дейді «Нұр Отан» партиясы Алматы қалалық филиалының Баспасөз хатшысы, белгілі көсемсөзші, жазушы Қайым-Мұнар Табеев.

Қаламгерлік пен қайраткерлік

Ең бастысы, Қайым-Мұнар ағамызды өзі терең зерттеген Желтоқсан тақырыбымен де табыстырған осы – журналистика.

Ол қазақ халқының тағдырында мәңгілік ізі қалған айтулы көтерілісте үш күн бойы алаңда жүрді. Барлығын өз көзімен көрді. Қан-жоса боп итке таланып, жаралы көкжалдай айбат шеккен жастарды сөзбен демеді. Жақсылық мен жамандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің, ақиқат пен жалғандықтың бар айырмашылығын көңіліне түйді. Ұлы Желтоқсан оның ұлттық намысын оятты. Жүрегіне жалын, жанына от берді. Ол – Желтоқсан оқиғасы жайында ең алғашқы болып зерттеп, басылым бетінде бірінші мақала жариялаған қаламгер.

1989 жылдың 10 қарашасында «Қазақ әдебиеті» газетінде «Желтоқсан жаңғырықтары» атты мақала жарқ ете қалады. Авторы – журналист-жазушы Коммунар Табей. Мұз құрсаңға Мәскеу Алматыдағы оқиғаны қанша бүркемелеуге тырысса да, одан-бұдан там-тұмдап жинаған деректері арқылы бар шындықты алдымызға жайып салған «Желтоқсан жаңғырықтары» ел-жұрттың арасында үлкен серпіліс туғызады. Мақала Колбин билік құрып тұрғанда жазылғанмен, баспасөзде ол қазақ жерінен кеткен соң жарық көрген. «Қазақ әдебиетінің» сол кездегі бас редакторы Шерхан Мұртаза мақаланы ұрымтал сәтке сарымайдай сақтап отырған екен.

Шынында да, 1989 жылы жарқ еткен бұл мақала Кеңес империясындағы биліктегілердің зәресін ұшырған.

Осы «Желтоқсан жаңғырықтары» мақаласы іле-шала 12 тілге аударылып басылған екен. Бұл – қазақ журналистикасындағы сирек құбылыс.

Ол осыдан кейін қатаң бақылауға алынып, Кеңес өкіметі құлағанға дейін аңдуда жүргендердің бірі. Соған қарамастан, алаңға атойлап шыққан мыңдаған адамның ерлігі туралы материалдар жинады. Қаншама мың адамның кудаланғанын анықтап шықты. Барлығын жеке-жеке жинақтап халықтың назарына ұсынды.

Ол 1986 жылғы 16 желтоқсанда болып өткен Орталық Комитеттің пленумынан бастау алған, үш күнге созылған дүбірлі оқиғалар ағымын сағаты мен минутына дейін мұқият зерттеп, құпия құжаттарды іздеп-тауып, саралап, баспасөзде жариялады. Замандастарының сол бір көзсіз ерлігін шамасы келгенше қағазға боямасыз түсіруге тырысты. Елдік намысымыз сыналар сәтте қылыштай кесіп сөйлейтін, найзадай тесіп сөйлейтін көк түрік ұрпағының іс-әрекетін барынша әділ көрсетті.

Ол Желтоқсанда ату жазасына кесіліп, кейін Қайратпен бірге 20 жылға сотталған Мырзағұл Әбдіқұловты өз қаржысымен Ресейге, одан Өскеменге, Қапшағайға іздеп барып, айтысып-тартысып жүріп, түрмеден босаттырып алған. Желтоқсан батыры Қайрат Рысқұлбековтің отбасына 1992 жылы айыптылардан 31 миллион сом күн өндіріп берген. Бұған сол кезде Заң университетінде сырттай оқи жүріп, заңгерлік мамандығын игергенінің көп көмегі тиіпті. Кейін желтоқсандық жастарға баспана әперуге ықпал етті. Парламенттік комиссияның Желтоқсан оқиғасын зерттеген комиссияның сарапшылар тобында, Адам құқын қорғау қоғамдық комиссиясында белсенділігімен ерекшеленді. Ол өлім мен өмір таразыға түскен аумалы-төкпелі сәтте намысын биік ұстап, ешкімге басын иместен, сот алдында қасқайып қарсы тұрған ұлтымыздың өр мінезді перзенті Қайрат Рысқұлбеков туралы деректі кітап жазды. Осы тақырыпты терең зерттеп, «Мұзда жанған алау», «Қайсар рухты қазақ», «Үш күннің дерекнамасы», «Қазақтың желтоқсаны» атты кітаптарын шығарды.

Бұрынғы Кеңес Одағында басталған демократиялық қозғалыстың көшбасында тұрған Желтоқсан көтерілісіне биыл тура 30 жыл толады. Ал сол Желтоқсан тақырыбының басты зерттеушісі Қайым-Мұнар Табеев болса биыл 60 жастың асқарына шықты. Иә, ол одан бері талай белестен өтті, еңбегінің жемісін көрді. Белгілі журналист, жазушы, заңгер, саясаттанушы, қоғам қайраткері болып қалыптасты. Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі. «Астанаға 10 жыл», «Тәуелсіздікке 20 жыл», «ҚР Конституциясына 20 жыл», «Желтоқсан ардагері» медальдарымен, «Желтоқсан – 25» төсбелгісімен және ҚР Президентінің Алғысхатымен, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасарының және Алматы қаласы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

– Тәуелсіздігіміздің тұнық бастауында тұрған Ұлы Желтоқсан тақырыбын әлі де тиянақтап, жүйелі оқытатын мемлекеттік оқу бағдарламасы жасалуы тиіс деп санаймын. Өкінішке қарай, жас ұрпақ Желтоқсанды терең білмейді. Білмегендіктен, оны пір тұтпайды, дұрыс қадірлей алмайды. Бұл арада олардың еш кінәсі жоқ. Бар кінә мемлекет тарапынан бірізділіктің жоқтығында. Қазіргі оқушылардың компьютерге бейім екенін ескере отырып, осы тақырып жайында заман талабына сай электронды энциклопедия шығарған жөн. Иә, шын ниет болса, бұл салада атқарылар қыруар шаруа тұр. Мәселен, 1993 жылы демократияны қорғап қалған ұландарын әспеттеген ресейліктер секілді желтоқсандықтарды да ұлт батырлары ретінде әспеттеп, мәртебесін Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен теңестіруге болмай ма? Болады. Сонда пәтер алуға да, тағы басқа жеңілдіктерді иеленуге де заңды мүмкіндіктер туар еді. Иманғали Тасмағамбетов Алматыда әкім болып тұрған кезде «Желтоқсанға 20 жыл» атты медаль жасау туралы біздің талап-тілегімізді қолдап, Үкіметке ұсыныс жолдаған-ды. Бірақ жоғары жақ үнсіз қалды.

«Меніңше, биылғы 30 жылдықта «Желтоқсанға 30 жыл» атты медаль жасау туралы бұл мәселені қайта көтеруіміз қажет деп ойлаймын. Қалай десек те, Желтоқсан жекелеген адамдардың ғана емес, тұтас еліміздің мақтанышы. Ендеше, алаштың бүгінгі ұрпағын «Еңкейгенге ең-кейіп, шалқайғанға шалқаятын» қайсарлыққа тәрбиелеуде желтоқсандықтар күресі мәңгілік эталон болуға әбден лайықты!» дейді ол.

«Жер – халыққа, халық –
жерге қызмет етуі керек»

«Қалқам-ай,

Атың қандай, Қайым-Мұнар,

Бақыт қой,

Жан болғаны жайыңды ұғар.

Еліне бір кісідей үлес қосқан,

Жігітсің, өлең-жырға жаның құмар!» деп Қазақстанның халық жазушысы, ақын Марфуға Айтхожина жырлағандай, республикалық «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Егемен

Қазақстан» газеттерінде бөлім басқарып, Президенттің баспасөз қызметінде жемісті қызмет атқарған Қайым-Мұнар Табеев кейіннен Алматы қалалық әкімшілігіне қарасты ішкі саясат пен тілдер басқармасы, экология департаменті секілді бірқатар билік баспалдақтарында қызмет атқарғанымен, өзі айтқандай журналистикадан, баспасөзден ешуақытта қол үзген емес. Біз биліктегі халықтың сенімді өкілі ретінде сезінетін ағамызға бүгінде қоғамдағы ең өткір мәселе болып тұрған Жер реформасына қатысты сұрақты қойдық.

– Ауылға мен де жиі барып тұратын қазақтың бірімін. Сонда көріп жүрмін. Кезінде өз ағайындарымыз пайға алған қаншама гектар жер игерілмей қалды. Арам шөп басып, қараусыз қалған сол алқаптарды көргенде, ішің ашиды. Тіпті алыс егінжайды қойып, үйінің дәл іргесіндегі атшаптырым алаңқайға бір шыбық екпеген замандастарымыз да бар. Жасыратыны жоқ, көп бауырларымыз аузымен орақ орады, ал іске келгенде, қолынан түк келмейді. Ендігі уақытта бұлай болмайтыны анық. Жердің өз иесі болуы керек. Жер халыққа, халық жерге қызмет етуі керек. «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», табиғат берген кең-байтақ жерімізді гүлдендіруді ойластырғанымыз өзіміз үшін де, ұрпағымыз үшін де кезек күттірмейтін қажетті іс. Осылай болғанда ғана ортақ ісіміз алға басып, еліміздің еңсесін бүгінгіден де биіктете аламыз, – дейді Қайым-Мұнар Тұрдақынұлы.

Билік пен халықтың дәнекершісі

Бір ғимаратта «Айқын» газетімен көршілес отырған соң жиі байқаймыз, қай кезде көрсең де, «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалындағы Қоғамдық қабылдау бөлмесінен кісі қарасы үзілмейді. Филиалға бас сұққан азаматтардың жиі көтеретін сауалы қандай? Осы сұрағымызды «Нұр Отан» партиясының Алматы қалалық филиалының Баспасөз қызметін басқаратын Қайым-Мұнар ағамызға қойдық.

– Ол рас. Үлкен-кіші, кәрі-жас аралас дегендей, кең дәліздегі жұрттың қарасы қысы-жазы сиреген емес. Жалпы, бірден айта кетейік, қабылдауға «көйлегі көк, тамағы ток» адамдар көп келе бермейді. Келетіндері – жұмысы жоқтар, заң орындарынан әділдік іздегендер, әлдеқандай себеппен баспанасыз қалғандар, жалғыз-іліктілер мен көпбалалы отбасылар. Араларында алыс ауылдардан көшіп келгендер де ұшырасады. Сол себепті филиалға бас сұққан азаматтардың жиі көтеретін сауалы да осы әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерден өрбитіні заңдылық.

«Нұр Отан» партиясы осылайша, билік пен халық арасындағы рухани дәнекерлік қызметін күшейтуді басты мақсат тұтады. Өз кезегінде қарапайым азаматтар да партия халық мүддесін қорғай алатындығына берік сенетіндіктерін білдіруде. Бұрын лауазымды билік өкілдерінің үстінен жазылған арыз-шағымдар анонимді түрде келетін болса, қазіргі уақытта адамдар жасқанбай хабарласатын болды. Хатқа да аты-жөндерін, мекенжайын толық көрсетіп, ашық қол қоятын дәрежеге жетті. Қоғамдық сананың өскендігінің бір белгісі осы.

Қайым-Мұнар Табеев – өткен ғасырдың аяғында (1894-96 ж.ж) Семей өңіріндегі әйгілі Ақшоқы болысы болған Табей Жәнібекұлының ұрпағы. Табей болыстың Жетісу генерал-губернаторына жолдаған көне араб харпімен жазылған хаты сақталған. Осы хатты жазу арқылы Табей болыс ел қамы деп басын бәйгеге тіккен екен. Кешегі жазалау саясатының салқыны осы Табей болыстың да шаңырағын айналып өтпейті. Малы ортаға түскен, ұрпақтары Сібірге тас қашауға айдалған. Осыларды саралай келе, кейіпкеріміздің бойындағы қайсарлық пен табандылық, турашылдықтың қайнар бастауы қайда жатқанын түйсінесіз.